

Әдістемелік шеберхана апталығы аясындағы белсенді жұмыстар!!!

Нұржау жалпы орта мектебінің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіліп жатқан апталықта ашық сабақ, коучинг, «Түнгі студия» бағдарламасы, сыр сұхбатта бірлескен жұмыс, белсенді қатысушылар, нәтижелі жұмыстар болды.

Ашық сабақ «Сезім мүшелері» 8 «ә» сынып биология Пән мұғалімі педагог – зерттеуші Уахитова Нұргүл Сағадатқызы.

Сабақ проблемалық сұрақтан басталды. Оқушылар айналадағы шындықты көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу арқылы қабылдай алатынын топтық, жұптық, саралау, жеке жұмыстар арқылы көрсете білді. Түрлі зертханалық жұмыстарды жасай отырып, тақырыпты түйіндеді.

Коучинг «Пәндік құзыреттілік»
Ұйымдастырған: Қ.Харисова, Г.Гумарова

Мақсаты: Пән мұғалімдеріне оқыту мен оқудағы жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдануды үйрете отырып, жаңаша идеялармен алмасуға мүмкіндік беру. Коучинг барысында мұғалімдер екі топта бірлесе жұмыс жасай отырып, қойылған мақсатқа жетуде белсене жұмыс жүргізді, тиімді сабақ өткізудің жолдарын бірге анықтап, тәжірибелерін ортаға салды.

Сыр сұхбат «Жарқын болашақ»
Жүргізген:Қ.Құталиева, С.Ғазизова

Мақсаты: «Білім өнер бағытында жетістікке жетіп жүрген оқушыларды құрметтеу, дәріптеу, жақын отырып сұхбаттасу» 8 сынып оқушылары арасында білім бағытындағы интеллектуалдық ойындардың жеңімпазы Жанерке, сурет салудың шебері Ақтілек, ән айтуды кішкентайынан жақсы көретін Қуаныштарға көкейдегі сұрақтарды қоя отырып, олардың арман мақсаттары, болашақ жоспарлары туралы сөз болды, оқушыларымыз еркін сөйлеп, өз ойларын ортаға салды. Армандарың орналып, биік белестерге жетіңдер демекпіз шәкірттерге!

«Түнгі студия» бағдарламасы
Жүргізушілер: А.Абуталиева, А.Юсупова

Мақсаты: Ұстаздармен қабілетті оқушылармен пікірлесу, еркін әңгімелесу, үлгі тұтар тәжірибелермен бөлісу.

Бағдарламаға қатысушыларды жасырын белгілерін табу арқылы анықтап

алып, ортаға шығарып, Ең есте қалған оқиғамен бөлісу, логикалық тапсырмалар, қызықты тапсырмаларды орындата отырып, бағдарламаның қалай өткендігі жөнінде, «Бетперде» әдісі арқылы кері байланыс алып, қорытындыланды.

Керемет, белсенді, қызықты, еркін әңгімелескен ұстаздар мен оқушылардан үлгі алатындай бағдарлама болды.



1 Наурыз - Алғыс айту күніне орай 6 «А» сыныбында «Алғыс айту – асыл қасиет» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың жанұяға, ата-анаға деген сүйіспеншілігін дамыту. Ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. Тәрбие сағатында ата-аналармен тренингтер, «Төрт қадам», «Ең әдемі көздер», «Егер сіз...» ойындары ойнатылып, «Ассоциация» жаттығуы жүргізілді. Оқушылар «Жақсы тілек – жылы жүрек» айдары бойынша ата-аналарға тілектерін білдіріп, ашық хаттарын табыстады. Көңілді билер биленіп, оқушы туындысы тарту етілді. Шара соңында «Алғыс» әнімен аяқталды.



Бастауын сан мыңдаған ғасырлардан алатын, бүгінде еліміздің батыс өңірінде сақталып қалған дәстүр. Шартты түрде Наурыздың 14-і «Көрісу күні» деп аталады. Ал халық арасында Наурыз мейрамын қарсы алу осы күннен басталады.

Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпеленіш кешіріліп, араздық ұмытылады.

Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Өйткені Көрісу салты бір күнмен шектеліп қалмайды, наурыз бойы жалғаса береді. Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы «Көрісу күні» құтты болсын.



Нұржау жалпы орта мектебі бойынша 2023 жылдың 16 наурыз күні Наурыз тойы – дәстүрлі мереке» мерекелік шарасы өтті.

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жаңғырту. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мұра еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеп насихаттау, дәріптеу. Патриоттық сезімдерін ояту.

Шараға мектептің ардагер ұстаздары Ж.Қисымқызы, Зоя Жажимқызы, Бахыт Төкенқызы, Аққаным Төкешқызы, Сәуле Қуанқызы мен мектеп ұжымы қатысты.

Шараны мектеп директоры Гүлбаршын Жақимқызы мерекелік құттықтау сөзімен ашып, ақжарма тілектерін арнады.

Қыдыр ата батасын беріп, Наурыз әже шашу шашып, мектеп ұжымына табысты жыл болуын тіледі.

Ардагер ұстаздар атынан Ж.Қисымқызы мерекемен құттықтап, ұжымның толағай табыстарға жетіп, биік белестерді бағындыруда тынбай еңбектеніп нәтижеге жетулерінеишын көңілмен ақ тілегін арнады.

Мерекелік шара 2 бөлімнен тұрды.

1. Мерекелік сазды бағдарлама. Жасұландықтар «Наурыз тарихы» туралы қысқаша мағұлмат берді.

«Наурыз мереке» әні Еркеназ Амангелдіқызы мен Каусар Нұрсұлтанқызы , әжелер ансамблі халық әні «Жүгіріп шықтым белеске», 6 сынып оқушыларының «Құдаша» биі , домбырашылар ансамблі «Балбырауын» күйі «Нәр ағашы» халық әндерінен папури «Гүлдерайым» триосы «Наурыз –той» «Жас жұлдыз» вокальдық тобы әнін орындады.

Мектептің бір топ келіндері сәбидің дүниеге кегенін бастап, «Ат қою», «Бесікке салу» рәсімдерін келген қонақтарды ортаға ала отырып өткізді. Онда ардагер ұстаздар бесікке бөлеп, тыштырма үлестіріп, дүниеге келген сәбидің жақсы өсуіне, бақытты балалық шағының болуына арналған бата берілді.

Шараның 2 бөлімінде «Миллион кімге бұйырады» және «Түнгі студия» ток шоулары өткізілді.

«Түнгі студия» ток шоуы

1. Сұқбат, 2. «Асық ату» ойыны, 3. Жасырылған тапсыомалар орындау.

«Миллион кімге бұйырады» ток шоуы 10 сұрақтан трды. 2 күймейтін ұпайлардан 3 жеңілдік құралды. «Досына қоңырау шалу» , «50:50» ,

«Көрермендер көмегі». Екі ток шоуға да шақырылған қонақтар мен ұжым мүшелері белсене қатысты. Қатысушылардың ой интеллектісі өте жоғары болды.

Ойын соңында қатысушыларымызға түрлі ұтыстар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұжымның бірлігі арта берсін.

